

**"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Ильинка ауылдық округі көшелеріне атаулар беру және қайта атау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Ильинка ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Ильинка ауылдық округінің әкімінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 22 шешімі

**ШЕШТІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Ильинка ауылдық округі көшелеріне атаулар беру және қайта атау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Ильинка ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 11 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7471-15 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Ильинка ауылдық округінің көшелерін қайта атау туралы";

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2 тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 16 сәуірдегі және 2022 жылғы 1 наурыздағы қорытындылары негізінде, Ильинка ауылдық округінің Ильинка, Александровка ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШТІ:"**;

көрсетілген шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Ильинка ауылдық округінің Ильинка ауылында қайта аталсын:

Ленин көшесі Абай көшесіне;

Киров көшесі А. С. Пушкин көшесіне."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Ж.Майнақов*